

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРАЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»  
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



2024. 11 (2)  
сәуір-маусым

ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

*Құрылтайшысы және баспагері:* Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген. Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (дүниежүзі және Қазақстан тарихы), деректану және тарихнама, археология, этнология, антропология.

*Жарияланым тілдері:* қазақ, орыс, ағылшын.

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru)

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы  
Тарих және этнология институты 2024  
© Авторлар ұжымы, 2024

**БАС РЕДАКТОР**

**Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА**

**Аяған Бүркітбай Гелманұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

**Әлімбай Нұрсан** — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Әбіл Еркін Аманжолұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

**Вернер Кунтһиа (Werner, Cynthia)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

**Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden)** — PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University). (АҚШ)

**Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

**Қожамжарова Дария Пернешқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

**Кожирова Светлана Басиевна** — саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры. (Қазақстан)

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Канзас университеті. (АҚШ)

**Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)

**Көмеков Болат Ешмұхамедұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

**Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы** — филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

**Муминов Ашірбек Құрбанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

**Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

**Самашев Зайнолла Самашұлы** — археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР ҒЖБМ ҒК Ө. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

**Смағұлов Оразақ Смағұлұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

**Сыдықов Ерлан Бәтташұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

**Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

**ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР**

**Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы** — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР**

**Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы** — PhD, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Астана қаласындағы филиалының директоры. (Қазақстан)

**Қапаева Айжан Тоқанқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Кубеев Рустем Жаулыбайұлы** — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ**

**Копеева Сания Жуматайқызы** — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан)

ISSN 2710-3994 (online)

*Учредитель и издатель:* РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»  
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации  
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство  
о регистрации:

№ 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:  
история (всемирная история и история Казахстана), источниковедение и историография,  
археология, этнология, антропология.

*Языки публикации:* казахский, русский, английский.

*Адрес редакции и издательства:*

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru)

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz>

© Институт истории и этнологии  
имени Ч.Ч. Валиханова, 2024  
© Коллектив авторов, 2024

**ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР**

**Кабульдинов Зиябек Ермуханович** — доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

**Алимбай Нурсан** — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**Абиль Еркин Аманжолович** — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

**Аяган Буркитбай Гелманович** — доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

**Вернер Синтия (Werner, Cynthia)** — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

**Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden)** — PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University). (США)

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет. (США)

**Исмагулов Оразак Исмагулович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Карибаев Берекет Бахытжанович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби. (Казахстан)

**Кожамжарова Дария Пернешовна** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова. (Казахстан)

**Кожирова Светлана Басиевна** — доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований. (Казахстан)

**Кокебаева Гульжаухар Какеновна** — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)

**Кумеков Болат Ешмухамбетович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Матъжанов Кенжехан Слямжанович** — доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова. (Казахстан)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

**Муминов Аширбек Курбанович** — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

**Римантас Желвис (Želvy's Rimantas)** — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

**Самашев Зайнолла Самашевич** — археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А. Маргулана КН МНВО РК. (Казахстан)

**Сыдыков Ерлан Батташевич** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Таймагамбетов Жакен Кожаметович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

**ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР**

**Каипбаева Айнагуль Толганбаевна** — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ**

**Козыбаева Махаббат Маликовна** — PhD, директор филиала в г. Астана Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

**Капаева Айжан Токановна** — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

**Кубеев Рустем Джаулыбайулы** — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

**ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ**

**Копеева Сания Жуматаевна** — сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

*Founder and publisher:* RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. 14602-IIA dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history (world history and history of Kazakhstan), source studies and historiography, archeology, ethnology, anthropology.

*Publication languages:* Kazakh, Russian, English.

*Editorial and publisher address:*

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru)

Journal website: <https://edu.e-history.kz>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute  
of History and Ethnology, 2024  
© Group of authors, 2024

**EDITOR-IN-CHIEF**

**Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

**EDITORIAL BOARD**

**Alimbay Nursan** — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Abil Yerkin Amanzholovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK. (Kazakhstan)

**Ayagan Burkitbai Gelmanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State SCMSHE RK. (Kazakhstan)

**Werner, Cynthia** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

**Golden Kathie Stromile** — PhD, Mississippi Valley State University. (USA)

**Ismagulov Orazak Ismagulovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

**Karibayev Bereket Bakhytzhonovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan)

**Kozhamzharova Daria Perneshovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University. (Kazakhstan)

**Kozhirova Svetlana Bassieвна** — Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies. (Kazakhstan)

**Diener Alexander** — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

**Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)

**Kumekov Bolat Eshmukhambetovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

**Matyghanov Kenzhekhan Slyamzhanovich** — Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art. (Kazakhstan)

**Morrison Alexander** — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

**Muminov Ashirbek Kurbanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

**Rimantas Želvys** — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

**Samashev Zainolla Samashevich** — archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

**Sydykov Erlan Battashevich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

**Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

**EXECUTIVE EDITOR**

**Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna** — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

**ACADEMIC EDITOR**

**Kozybayeva Makhabbat Malikovna** — PhD, Director of Astana branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Kapaeva Aizhan Tokanovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Kubeyev Rustem Dzhaulbayuly** — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**TECHNICAL SECRETARY**

**Kopeyeva Saniya Zhumataevna** — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

## ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan  
 Electronic scientific journal "edu.e-history.kz"  
 Has been issued as a journal since 2014  
 ISSN 2710-3994.  
 Vol. 11. Is. 2, pp. 447–461, 2024  
 Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>

FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20  
[https://doi.org/10.51943/2710-3994\\_2024\\_38\\_2\\_447-461](https://doi.org/10.51943/2710-3994_2024_38_2_447-461)

## BORDER SERVICES OF CHINA AND SOVIET RUSSIA AND KAZAKH REFUGEES IN THE 20S OF THE XX CENTURY

Ye.I. Stamshalov<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Ch.Ch. Valikhanov Institute of history and ethnology  
 (28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)

Phd

 <https://orcid.org/0000-0003-4663-6349>. E-mail: [kun2013@mail.ru](mailto:kun2013@mail.ru)

\*Corresponding author

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2024

© Stamshalov Ye.I., 2024

**Abstract.** *Introduction.* The attitude of the border military structures of the two states of China and the RSFSR towards Kazakh refugees-repatriants who moved to Western China after the national liberation uprising of 1916 and in connection with the political events of 1918 is a relevant topic. *Goals and objectives* of the article. The purpose of the article is to determine the attitude of Chinese and Soviet Russian border services to the repatriation of Kazakh refugees in the 20s of the twentieth century. To achieve this goal, the tasks were set to find out the number of border troops of the two countries and their position towards representatives of local peoples. *Results.* The shelling and looting of civilian refugees along the border by border forces was considered a normal situation. Refugees' complaints about illegal actions of border guards were considered superficially and in most cases ended in acquittal of the military. 6 battalions and 6 squadrons of the Cheka of Turkestan were grouped on the border with China. The border detachments were mainly recruited from Europeans. A situation of mutual distrust developed between the Soviet border guards and the local population. The position of the civil authorities of the Turkestan Autonomous Soviet Socialist Republic regarding refugees was ignored by the Zhetysu Front and border troops. *Conclusion.* Since 1920, measures taken by government agencies of the Turkestan Autonomous Soviet Socialist Republic to return Kazakh refugees to their homeland opened the way for repatriation, but they were prevented by the border services of China and Soviet Russia. Repatriation of refugees was significantly slowed down by border guards in Xinjiang and Soviet Russia. The continuation of the civil war in Turkestan allowed border guards to pursue a tough policy towards refugees. The article, based on archival data, comprehensively examines the harsh actions of the military structures of China and Soviet Russia against Muslim refugees at the border.

**Keywords:** Kazakh-Kyrgyz refugees, border service, border military units, re-evacuation of refugees, border troops of Xinjiang, accommodation of refugees

**For citation:** Stamshalov Ye.I. Border services of China and soviet Russia and kazakh refugees in the 20s of the XX century // Electronic scientific journal "edu.e-history.kz". 2024. Vol. 11. No. 2. Pp. 447–461. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2024\_11\_2\_447-461



## XX ҒАСЫРДЫҢ 20-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚЫТАЙ МЕН КЕҢЕСТІК РЕСЕЙ ШЕКАРА ҚЫЗМЕТТЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ

Е.И. Стамшалов<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты  
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)

Phd-докторанты

 <https://orcid.org/0000-0003-4663-6349>. E-mail: [kun2013@mail.ru](mailto:kun2013@mail.ru)

\*Автор-корреспондент

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2024

© Стамшалов Е.И., 2024

**Аңдатпа.** *Kіріспе.* 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінен соң және 1918 жылдағы саяси оқиғалардың салдарынан Батыс Қытайға үдере көшкен қазақ босқындарды 1920 жылдан басталған кері қайтару және орналастыру шараларына орай екі мемлекеттің шекаралық әскери құрылымдарының қатынасы зерделеуді қажет ететін өзекті тақырып. Мақаланың *мақсаты мен міндеттері.* Мақаланың мақсаты ХХ ғасырдың 20- жылдарындағы қазақ босқындарының репатриациясына Қытай мен Кеңестік Ресейдің шекара қызметтерінің қарым-қатынасын айқындау. Ол мақсатты жүзеге асыру үшін екі елдің шекара бөлімдерінің саны, жергілікті халық өкілдеріне қатысты ұстанымын талдау міндеттері қойылған. *Нәтижелер.* Әскери құрылымдардың шекара сызығы бойындағы кез келген қимыл-қозғалыс үшін жергілікті халыққа оқ атуы, тонаушылық әрекеттері қалыпты жағдай болды. Шекарашылардың заңсыз әрекеттеріне шаруалардың шағымы сөзбұйда түрінде қаралып, көбіне әскерилерді ақтаумен аяқталды. Түркістан ВЧК әскерінің 6 батальон, 6 эскадроны Қытаймен шекараға топтастырылды. Шекара әскеріне негізінен тегі европалық жауынгерлер тартылды. Кеңестік шекара әскері мен жергілікті халық арасындағы өзара сенімсіз ахуал қалыптасты. ТүркАССР-і азаматтық билік органдарының босқындарға қатысты ұстанымы Жетісу майданы, шекара әскері тарапынан мойындалмады. *Қорытынды.* 1920 жылдан Түркістан АССР үкімет мекемелері қазақ босқындарды атамекеніне қайтару бойынша атқарған шаралары репатриацияға жол ашқанымен, Қытай мен Кеңестік Ресейдің шекара қызметтері тарапынан кедергіге ұшырады. орындарының босқындарды қайтаруға бағытталған шаралар қабылдауы оларды атамекенге оралуына жол ашты. Босқындар репатриациясы Синьцзян және Кеңестік Россия шекара қызметтерінің кедергісіне ұшырады. Түркістандағы азамат соғысының жалғасуы шекара қызметіндегі әскерилердің босқындарға қарсы қатаң саясат ұстауына мүмкіндік берді. Мақалада Қытай және Кеңестік Россия әскери құрылымдарының мұсылман босқындардың шекарадағы қимыл-қозғалысына қатысты қатал әрекеттері архив деректерімен жан-жақты сараланған.

**Түйін сөздер:** Босқындар қазақ-қырғыздар, шекара қызметі, шекаралық әскери бөлімдер, босқындарды қайта эвакуациялау, Шыңжаң шекара әскерлері, босқындарды орналастыру

**Дәйексөз үшін:** Стамшалов Е.И. ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы Қытай мен кеңестік Ресей шекара қызметтері және қазақ босқындары // «Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2024. Т. 11. № 2. 447–461 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2024\_11\_2\_447-461

## ПОГРАНИЧНЫЕ СЛУЖБЫ КИТАЯ И СОВЕТСКОЙ РОССИИ И КАЗАХСКИЕ БЕЖЕНЦЫ В 20-Е ГОДЫ ХХ ВЕКА

Е.И. Стамшалов<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

(д. 28, ул. Шевченко, 050010 Алматы, Республика Казахстан)

Phd-докторант

 <https://orcid.org/0000-0003-4663-6349>. E-mail: [kun2013@mail.ru](mailto:kun2013@mail.ru)

\*Корреспондирующий автор

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2024

© Стамшалов Е.И., 2024

**Аннотация.** *Введение.* Отношение пограничных военных структур двух государств Китая и РСФСР к казахским беженцам-репатриантам, переселившимся в Западный Китай после национально-освободительного восстания 1916 года и в связи с политическими событиями 1918 года, является актуальной темой. *Цель и задачи статьи.* Цель статьи – определить отношение китайских и советских российских пограничных служб к репатриации казахских беженцев в 20-е годы XX века. Для реализации этой цели поставлены задачи выяснить количества пограничных войск двух стран и их позиции к представителям местных народов. *Результаты.* Обстрел и грабеж мирных беженцев вдоль границы со стороны пограничных структур считался нормальной ситуацией. Жалобы беженцев на незаконные действия пограничников рассматривались поверхностно и в большинстве случаев заканчивалось оправданием военных. На границе с Китаем были сгруппированы 6 батальонов, 6 эскадрилий ВЧК Туркестана. Пограничным отрядам в основном набирались европейцы. Между советскими пограничниками и местным населением сложилась ситуация взаимного недоверия. Позиция гражданских властей Туркестанской АССР в отношении беженцев было игнорировано Жетысуйским фронтом и пограничными войсками. *Заключение.* С 1920 года меры, предпринятые государственными учреждениями Туркестанской АССР по возвращению казахских беженцев на родину, открыли путь для репатриации, но им препятствовали пограничные службы Китая и Советской России. Репатриации беженцев было значительно замедлено пограничными службами Синьцзяна и Советской России. Продолжение гражданской войны в Туркестане позволило пограничникам проводить жесткую политику в отношении беженцев. В статье на основе архивных данных всесторонне рассматриваются жесткие действия военных структур Китая и Советской России в отношении мусульманских беженцев на границе.

**Ключевые слова:** Беженцы казах-киргизы, пограничная служба, пограничные воинские части, реэвакуация беженцев, пограничные войска Синьцзяна, устройство беженцев

**Для цитирования:** Стамшалов Е.И. Пограничные службы Китая и советской России и казахские беженцы в 20-е годы XX века // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2024. Т. 11. № 2. С. 447–461. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2024\_11\_2\_447-461

### Кіріспе

Патшалы Ресей тұсындағы ұлт-азаттық көтеріліс салдарынан Батыс Қытайға ауған қазақ босқындары 1918 жылдарда большевиктік билік орнап жатқан кезеңдегі отаршылдық қысымнан қашқандармен үстемеленді. Шыңжаңдағы ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдайдан, жұт, ашаршылық кесірінен кері қайтушы қазақ босқындары екі елдің шекара құрылымдарының құрсауына ілінді. Ұсынылып отырған мақаланың мақсаты Қытай және Кеңестік Ресей шекара қызметтерінің көлемін, қазақ босқындарына қатысты ұстанымын, ауа көшушілердің жағдайын отандық және шетелдік архивтердің тың деректері негізінде талдауды көздейді. Түркістан АССР құрамына кірген Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірінде босқындарды қайтару және орналастыру жөніндегі ерекше комиссия жұмыс істегенімен, азаматтық үкімет орындарының босқындарды қайтару жөніндегі ұстанымына шекара әскері басшылығының көзқарасы кереғар келді. Батыс Қытайдың аймақтарында босқындар комиссиясы жүргізген үгіт-насихат бойынша атамекеніне көшіп келе жатқан босқын шаруалар шекара қызметінің қысымына ұшырады. Шекара әскерінің босқындарға қарсы оқ атуы, өздерімен бірге алып келе жатқан көлік, тауарларын тәркілеу бойынша тергеу атүсті жүргізіліп, дау тек әскерилердің пайдасына шешіліп жатты. Қытай билігі мен Кеңестік шекара әскери басшылығының қазақ босқындарына қатысты ұстанымдарының ортақ белгілері байқалды.

### Материалдар мен әдістер

Қазақстанның оңтүстік-шығысынан Батыс Қытайдың Шыңжаң провинциясына босқыншылықтың тарихындағы екі мемлекеттің шекара қызметі мен босқындардың қарым-қатынасын зерттеудің нысанын анықтау мақсатында, тарих ғылымындағы жеке деректер мен фактілерді салыстыру, болжау, сараптау сияқты әдістер пайдаланылды. Шекара бойында арлы-берлі өту мақсатында топтасқан адамдар тобының өзіндік келбетін айқындау үшін дескриптивті әдіс қолданылды. Дескриптивті әдістің өзі Түркістан аумағынан Синьцзянға өткен немесе кері бағытта өткен босқындар өмірін тереңірек зерделеуге көмектеседі. Сонымен қатар зерттеуде американдық ғалым Т. Парсонс дамытқан құрылымдық функционализм әдісі де қолданылды. Тарихи процесті жекелеген құрылымдарға біріккен жүйелердің өзара әрекеттесуі тұрғысынан түсіндіретін бұл әдістеме Батыс Қытайға орналасқан мұсылман босқындарды біртұтас жүйе есебінде қарап, олардың Шыңжаңның бұрыннан келе жатқан тұрғындарымен, билікке жақын топтарымен өзара қарым-қатынастарын айқындауға үшін пайдалы. Ғылыми зерттеу барысында әдістемелік плюрализм қағидасы басшылыққа алынды.

Ұсынылып отырған мақаланы дайындау барысында Батыс Қытайға Жетісу аймағынан шекара сызығын кесіп өтіп барушы және кері қайтушы босқындардың тағдырын сипаттайтын Түркістан АССР атқару комитеті құжаттары, Верныйда орналасқан обләскериревком материалдары, құжаттар жинақтары пайдаланылды. Атап айтқанда, Жетісу облысының мемлекеттік архивінің (Талдықорған қ.) (ЖОМА) 751-қоры, Алматы облыстық мемлекеттік архивінің (Қарасай ауданы, Жалпақсай а.) (АОМА) 348, 489 қорлары деректері пайдаланылды. Шыңжаңмен шекара бойындағы ахуал туралы ауқымды деректер Ресей Федерациясы архивтерінде қордаланған. Ұсынылып отырған мақаланы жазу барысында Ресей мемлекеттік әскери архиві (РФ, Москва қ.) (РМӘА) № 18233 – ВЧК Қытаймен шекараны қорғау әскерлері қорының (1921–1922), 8443-ВЧК әскері Жетісу облысы Жаркент қаласындағы Түркімен шекара атты әскер полкі қорының (1919–1922) құжаттары пайдаланылды. Ал Ресейдің әлеуметтік-саяси тарихының мемлекеттік архивінен (РФ, Москва қ.) (РӘСТМА) 61-РКП (б) Түркістан бюросы (Түркбюро) (1920–1922) қорлары деректері пайдаланылды.

### Талқылау

Ресей-Қытай қарым-қатынастарындағы босқындар мәселесін зерттеу батыс тарихнамасында ертерек қолға алынғанын атап өту керек. Американдық ғалымдар Л.У. Холборн мен Дж. Т. Шувал тарапынан Нью-Йоркте басылып шыққан халықаралық әлеуметтік энциклопедиясына енгізілген босқын атауына берілген анықтамада: «саясаттың, соғыстың немесе табиғи апаттың салдарынан пайда болған еріксіз мигрант» деген айқындама берілген (Holborn, Shuval, 1968). Ал «қырғи қабақ соғысы кезеңі» деп сипатталатын АҚШ-КСРО державаларының қарсы тұру уақытында социалистік лагерге жататын Румынияда Кзгелди Каролидің кеңестік босқындар тақырыбына арналған арнайы зерттеуі жарыққа шықты (Czegledy, 1969). Батыс Қытайдағы кеңестік босқындар орналасқан кезеңдегі Қытай тарихының «республикалық дәуірі» сипатталатын уақыт аралығына байланысты толыққанды зерттеу ретінде Эндрю Форбстың жұмысын атап көрсетуге болады (Forbes, 1986). Түркістан АССР-іне қараған қазақ облыстарындағы босқындар проблемасын шешу тәжірибесі Т. Рысқұловтың мемлекеттік қызметін зерттеген О.М. Қоңыратбаевтың іргелі зерттеуінде баяндалады (Қоңыратбаев, 1994). Дипломатиялық құжаттар негізінде орыс ақ қозғалысының Синьцзяндағы тарихына басымдық берген зерттеу еңбек В. А. Барминге тән (Бармин, 1998). Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі Синьцзяндағы қазақ босқындары мәселесі жанама түрде зерттелген зерттеулердің ішінде тарихшы Н. Мұхаметханұлының монографиясын атап көрсетуге болады. Монографияның «Минго дәуіріндегі қазақтар (1912–1920)» деген айдар тағылған 4-тарауында «Қазақстан қазақтарының Шыңжаңға бас сауғалап баруы» тақырыбымен босқындарға Қытай билігінің саясаты ішінара қарастырылған (Мұхаметханұлы, 2000). Ал Н. Алдабектің зерттеуінде Шыңжаңдағы қазақ босқындар мәселесі негізінен ресейлік тарихшылар зерттеулері негізінде талданған (Алдабек, 2003).

Зерттеу тақырыбын «Қазақстан-Шыңжаң» эмиграциялық ағыстар легі контекстінде қарастырған ресейлік тарихшы Н.Н. Аблажейдің еңбегінде екіжақты қарым-қатынас, миграция көріністері жүйелі талданғанымен, шекарашылар мен босқындар қарым-қатынастары қарастырылмаған. Монографияның негізгі деректік базасын Ресей Федерациясы сыртқы саясат архиві құжаттары құраған (Аблажей, 2014). Ал қырғызстандық тарихшы Д.М. Будянскийдің өз зерттеуінде ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы қырғыз және қазақ босқындарының шекарада көрген шырғалаңына орын берген (Будянский, 2007). Қазақстандық тарихшылар Г.М. Меңдіқұлова мен Б.Ж. Атантаеваның бірлескен монографиясы Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынастың ХІХ ғасырдың 60 жылдары мен ХХ ғасырдың 60-жылдары аралығын қамтитын 100 жылдық тарихы қамтылуымен құнды. (Меңдикулова, Атантаева, 2008). Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы шекара бойындағы тарихи жағдай американдық тарихшы Сара Камеронның монографиясында сипатталған. С. Камерон еңбегінің 5-тарауындағы «Шекара аралық босқындықтың басталуы» тараушасында Ресей Түркістанынан қашып шыққан қазақ, қырғыз, дүнген және славян тұрғындардың бар екенін баяндайды (Камерон, 2020:149). Ғалым: «Орта Азия шекаралары жайлы ғылыми зерттеулер әлі де жоқтың қасы екенін» көрсетіп өткен (Камерон, 2019: 269). Сынцзян үкіметінің ресейлік босқындарға қатысты ұстанымы тәжікстандық тарихшы К. Абдуллаевтың еңбегінде жан-жақты талданған. Еңбекте Сынцзянның РСФСР-мен шекарадағы қарулы күштерінің мөлшері мен қорғаныс қуаты сарапталған (Абдуллаев, 2009). Алайда, К. Абдуллаев зерттеуінде орыс ақ әскерінің жай-күйі көбірек талданған. Ұсынылып отырған мақаланың зерттеу объектісіне қатысты соңғы жылдарда жарық көрген жүйелі зерттеудің бірі ретінде Ю.А. Лысенконың зерттеуін атауға болады (Лысенко, 2020). Сынцзян мен Ресейдің экономикалық және саяси қарым-қатынастарын саралаған ресейлік тарихшы Т.А. Шаметованың монографиясын шекаралық байланыстар негізінен сауда тұрғысында талданған. Дегенмен, Т.А. Шаметованың зерттеуі бірде жанданып, бірде тоқыраған екі ел аралық қарым-қатынастардағы экономикалық, саяси мүдделерді жіті талдауымен қызықты (Шаметова, 2024).

### Нәтижелер

Босқындарды қайтаруға байланысты шаралар легі мемлекеттік құрылымдар тарапынан қолға алынып жатқан кезде Қытаймен шекара қалыпты режимде жұмыс істеп тұрды. Шекарадан арлы-берлі заңсыз, тиісті рұқсатнамасыз және контрабандамен өтушілер заң бойынша жазаланды. Жаза тартқандардың арасында атамекеніне өтпекші болған босқындар, сондай-ақ, Батыс Қытайдағы жанұя, туыстарын алып қайту мақсатында шекарадан өтушілер де болды. 1921 жылдың қаңтарында Әулие-Ата қаласында қырғыз-қазақ кедейлер съезі отаршылдықтың қалдығын жою, жергілікті халықтан переселен топтар тартып алған жер телімдерін қайтару туралы қаулы қабылдады (Будянский, 2007: 132). Кедейлер ұйымы қаулысына қарамастан, шекара бойында босқындарға қатысты қатаң саясат өзгерген жоқ. 1921 жылдың 23 шілдесінде Қарақол тұрғындары Жамбаев, Қошқарбаев, Тоқташев, Аинчинов, Үркінбаев, Күнкуратов, Майрыков, Чомбаевтар орыс-қытай шекрасынан рұқсатсыз контрабанда алып өткендері үшін ұсталған. Алдын ала тергеу барысында олардың 1916 жылғы көтеріліс кезінде Қытай аумағына қашып кеткен Ресей азаматтары болғаны, 1920 жылы олар Қытайдан кері мекендеріне өздерімен бірге мата мен тері алып өткені анықталған. Бұлардың кейбірі әкелген товарларын Қарақол уезінде апиымға айырбастаса, кейбірі жұмыс істеп, ақысына апиым алған. Содан кейін олар Қарақолдан апиым алып, Қытайға өтпек болған. Ұсталған босқындар Қытайға өздерімен апарған апиымды сатып, түскен қаражатқа өз отбасыларын тұрақты тұру ниетінде Қарақол уезіне әкелуді жоспарлаған. Олар Қытайға өтетін сәтте шекара отрядының күшімен 27 фунт 60 золотник мөлшердегі апиыммен ұсталған. Жетісу облыстық революциялық трибуналы көшпелі сессиясы 1921 жылдың 28 желтоқсанында заңсыз апиым өткізгені үшін босқындарды апиымын тәркілеп, Қарақол жұмысшылар үйіне 1 жыл шартты мерзімге соттаған (АОМА. 348-қ. 1-т. 980-іс, 114(а)-п.). Шекара бұзушылардың ат-көліктері өздеріне қайтарылған.

Облыстық трибуналдың көшпелі сессиясының үкіміне келіспеген Қарақол кедені ұсталғандардан тәркіленген 8 атты қайтаруға қарсылық білдіріп, кассациялық шағым жолдаған. Қарақол кедені наразылығында Ыстықкөл аумағындағы орыс-қытай шекарасы оңтүстік және солтүстік әскери учаскеге бөлінген майдан шебі саналатыны, Шекара сызығын күзету ВЧК әскері мен кеден басқармасына жүктелгенін баяндаған. 1920 жылғы 18 мамырдағы «Рост» газетінде жарияланған ТүркОАК жанындағы кассациялық трибуналдың 1922 жылғы 30 наурыздағы шешімі бойынша еңбек пен қорғаныс кеңесінің № 135 нұсқауына сәйкес жеке тұлғалар мен мекемелерге майдан шебінде шетелдік товарларды сатуға немесе сатып алуға тыйым салынған. Майдан шебін тиісті рұқсатнамасыз кесіп өтушілер жансыз ретінде танылып, әскери-революциялық уақыттың заңымен жауапкершілікке тартылады. Майдан шебін бұзушылар ұсталған сәтте өздерімен апара жатқан товарлары мен ақшасы тәркіленуге жатады. В. Ленин қол қойған бұл тапсырманы орындау кеден басқармасына жүктелген. Кеден негіздемесінде бұған қоса Түркхалкомкеңесінің 1920 жылдың 2 тамыздағы № 98 қаулысының 8-тармағына сай контрабанданы жеткізу, сату, қайта сату, сатып алу және басқа осы декретке қайшы жеткізу мен сақтау тәсілдері және апиым саудасы сотқа берілуге жататыныны көрсеткен (АОМА 348-қ. 1-т. 980-іс, 116 (а)-п). Қарақол кеден басқармасы Облтрибуналдың көшпелі сессиясының босқындардың таптық жағдайын есепке алып, жеңілдік жасағанына келіскенмен, контрабандистердің апиым алыпсатарлығы үшін екі мәрте шекара бұзуына мұндай рахымшылық жасап аттарын қайтарып беруге наразылық білдірген. 1922 жылдың март айында кассациялық трибунал шекара бұзып, апиым саудасымен ұсталған босқындарға қатысты облтрибунал шешімін 1921 жылғы 7 қарашадағы ТүркОАК жариялаған рахымшылық негізінде күшінде қалдырған (АОМА 348-қ. 1-т. 980-іс, 116(а)-п.). Кеңестік босқындарды отанына қайтару жөніндегі саяси ұстанымның құқықтық тәжірибеге өзгеріс енгізген сәттері де орын алған. Босқындардың шекара бұзу, контрабанда бойынша құқық бұзушылығына трибунал шешімінде кеңшілік жасалған фактілер кездеседі. Жетісу облысы Қарақол уезінің тумасы Тынысейітов Кенембай ұлты қырғыз, 1891 жылы туған, 30 жаста, сауатсыз, диқан, Қытайдың Турфан елді мекенінен 1921 жылдың 28 маусымында Ахбыл шекара маңайындағы тауларында шекарашылар қолына түскен (АОМА. 348-қ. 1-т. 1022-іс, 14, 14(а)-пп.). Шекара қызметіне берген жауабында Тынымсейіт Кенембай Үш Турфаннан отбасын Қарақолға көшіру мақсатында келгенін, өзімен бірге 125 бөлек мата әкелгенін көрсеткен. Бұл іс бойынша Қытай азаматтары Мачунло Құдайбердиев, Басахун Садықов ұсталып, Айсаров сырттай жауапкершілікке тартылған. 1921 жылдың 31 желтоқсанындағы Жетісу облревтрибуналы көшпелі сессиясы (төрағасы Жанаев, мүшелері Егерман, Бокчин, хатшысы Соловьева) ұсталғандардың бәріне, өздерімен әкелген маталарын тәркіленді деп санап, аттарын қайтара отырып 3 ай шартты мерзімде Қарақол жұмысшы үйіне қамауға үкім етті. Сот үкімінің босқын Тынымсейітовқа қатысты «сондай-ақ Тынымсайтовқа босқын ретінде оның отбасы құрамындағы жан санына шаққанда 20 бөлек мата қайтарылсын» – делінген (АОМА. 348-қ. 1-т. 1022-іс, 90-п.). Осылайша, босқындардың бұрынғы тұрғылықты мекеніне қайту ниеті олардың шекара бұзушылық әрекеттеріне басқаша баға беруге негіз болған. Тұрпан мекенінен Қарақолға барып Кеңестік Ресейдегі ахуалды біліп, жанұясын көшіріп әкету мақсатымен жүріп, шекара қызметінің қолына түскендер көп болған. Тағы бір Тұрпандықтар 29 жасар, Мамбек Әбдірахман, 22 жасар Мұсақожа Мендібай да 1921 жылдың 2 тамызында Қытайға оралып бара жатып, шекара ерекше отрядының қолына түскен. Шекара қызметінің тергеуі кезінде Мәмбек Әбдірахман «1916 жылы көтеріліс болған кезде мен әкем бастап, жанұяммен Қытайға қашқам. Оған дейін Қарақол уезінің Жантексу болыстығында тұрғам. 1921 жылдың көктемінде мен туған жеріме қайта келіп, Кеңестік Россияның жағдайын біліп, жанұяммен бұрынғы тұрған жеріме қайта келу мақсатында келгем. Кеңестік Россияда жағдай жақсы екенін көргеннен кейін, мен 2 десятина егін егіп, көршілерімнен үйелменімді осында алып келу үшін Қытайға бару үшін рұқсатнаманы қалай алу керектігін сұрастыра бастадым. Саурық ауылдық ревкомы төрағасы Абдулла Садык маған «Қытайға жанұяңды алып келуге баратының жөнінде менен куәлік алып, Қарақолдағы босқындар жөніндегі ерекше комиссияға бар, олар саған қайда бару керектігін айтады», – деп

үйретті, мен соны істедім. Куәлікті алып комиссияға келгенімде маған не екенін білмеймін, бірдеңе жазып берді. Бірақ мен оларға 2 адам атпен Қытайға барып, жанұямды әкелуге баратынымды айтқанмын.» – деп көрсеткен. Қытайға Турфан мекеніне бара жатқан жолда Ақ бейіт деген жерде солдаттар босқындарға берілген рұқсатнамаларды жарамсыз деп танып, өздерін ұстаған (АОМА. 348-қ. 1-т. 1244-іс, 7(а), 8-пп.). Жетісу облыстық трибуналы тергеушісінің 8 қаңтар 1922 жылғы қорытындысында Мамбек Әбдіраханов пен Мұсақожа Меңдібаевтарға «міндетіне кірмейтін куәлік беріп, құзыретін асыра пайдаланған» үшін жауапкершілікке тартылған уездік атқаруком төрағасы Садық Чомбаев пен хатшысы Астраханцевтің ісін жіліктеген. Лауазымды тұлғалардың міндеттерін атқаруына қатысты кемшілігі «саяси маңызы жоқ» екенін ескеріп, іс қысқартылған (АОМА. 348-қ. 1-т. 1244-іс, 36–37 пп.). ТүркОАК жанындағы босқындар жөніндегі ерекше комиссияның шешімімен Батыс Қытайдағы дүнгендерді қайтаруға үгіттеу мақсатында Яншансинов пен Чижинов жіберілді. Олар жүргізген насихат жұмыстарының нәтижесінде жанұясымен Жетісуға қайтып келе жатқан дүнген шаруалар жанұясы шекара қызметі тарапынан ұсталып, 6 күн жіберілмей, 6 мініс көлік аттар тартып алынған. Шекарашылардың мұндай әрекеті босқындарға теріс әсер етіп, жаңа билікті бұрынғы Патша өкіметінің жалғасы деп санауына негіз берген (Будянский, 2007: 160).

Қытаймен шекара маңайында босқындарға қарсы тонаушылық пен оқ ату көріністері бойынша жүргізілген тергеу көбіне шекарашыларды ақтаумен аяқталатын. Қарақол уезіндегі № 5 ерекше шекара ерекше бөлімінің бастығы Г.С. Кочеров контрабандышылар деген желеумен 3 қазақты атып тастаған 3 қызыләскерді жауапкершіліктен құтқарған Хренов деген әскери бөлім тергеушісін жақтап шығады. Осы жағдайға туралы Жетісу облыстық Төтенше комиссия уәкілінің көмекшісі Векслер 1921 жылдың 29 шілдесіндегі Түркістан КП орталық комитетіне жолдаған қорытындысында көрсеткен (РӨСТМА. 61-қ. 2-т. 46-іс, 74-п.). Жетісудағы күрделі әлеуметтік-экономикалық және саяси ахуал жағдайында босқындар проблемасы мемлекетаралық қарым-қатынастың көлеңкесінде қалып қала берді. Өйткені, азамат соғыс көріністері тынышталмаған әрі бір-біріне сенімі орнықпаған екі мемлекеттің арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардың жолға қойылмауы босқындар жағдайын ауырлататын фактор болды. Шекарадағы контрабандамен күрес кеңестік кеден қызметінің басты міндеті саналды. Бұған өз кезегінде көлеңкелі тауар алмасудың көбеюі де әсер етті. Мысал үшін айтар болсақ, 1921 жылдың қазаны мен 1922 жылдың қыркүйегі арасында Қорғас кедені арқылы Кеңестік Ресейден Шыңжаңның Іле өлкесіне контрабандалық жолмен кеңестік ақша бірлігімен 264 126 сом 21 тиынның товары шығарылып, 252 25 сом 30 тиынның заттары кіргізілген. Зерттеуші Т.А. Шаметованың мәліметінше бұл кездегі Жетісудан контрабандалық жолмен шикізат өнімдерін шығарудың үдеп кетуі Үрімжіде жүн ішек, жылқы жалын арзан бағада және көп мөлшерде қабылдайтын американдық фирмалар өкілдерінің пайда болуымен байланысты болған. Мәселен, 1921 жылы Құлжа базарында аталған шикізаттар саудасының көлемі 388 566 алтын сомды құраған (Шаметова, 2024: 241).

Шекара маңында босқындардың оққа ұшуы жете тексерілетін қылмыс емес, оқ атқан шекарашыларды марапаттайтын ерлікке тенелген жағдайлар да орын алды. 15-Түркістан полкінің № 7 шекара пунктінде қызмет еткен қызыләскер Андрей Петров пен Филипп Симонов Текес өзенінің бойында малшы Ысқақбек Бекдайыровты атып өлтіргені жөніндегі № 523 қылмыстық іс Түркістан Республикасының Қытай шекарасын қорғау бойынша № 3 ерекше бөлімінің төтенше үштігіне жолданған. Айыпталғандардың қатарында осы полктің рота командирі Михаил Сергеевич Маслов та бар. Іс материалдары бойынша солдаттарға малшының атын тартып алу мақсатында атқан деген айып тағылған. Алайда, ерекше бөлім төтенше үштігінің (төрағасы, ерекше бөлім бастығы Леонов, мүшелері: ұйымдастыру бөлімінің бастығы Бирн және құпия-жедел бөлімнің бастығы Воронов) қызыләскер Петров қойшы Ы. Бекдайыровты ол жылқы табынын Қытай жаққа қарай айдаған кезінде атқанын көрсеткен. Жергілікті малшының өліміне шекарашылар кінәлі екендігі туралы уәждерді төтенше үштік «жала» деп тапқан. № 3 ерекше бөлім төтенше үштігінің 1921 жылдың 17 қарашадағы № 8 хаттамасында: «Қызыләскерлер Петров пен Симонов күзетте тұрып өз

міндеттерін жарғының барлық тәртібіне сай адал атқарған, Бекдайыров ескертусіз өлтірілмеген, (шекарашылар) оған 3 мәрте айқайлаған. Петров пен Сидоров жылқы үйірлері Қытайға айдап әкету мақсатында Қытай шекарасына қарай бағытталғанын көрген. Бекдайыров айқайлап ескертілгеннен кейін өзеннің ортасында өлтірілуі оның айқайлағанды тыңдамай, өз байларының тапсырмасын орындау жолында өлтірілгенін ашық дәлелдейді», - делінген. № 3 ерекше бөлім төтенше үштігі қызыләскерлер Петров пен Сидоровты ақтап, «шекара қызметін адал атқарғаны үшін» алғыс жариялаған (АОМА. 489-қ. 1-т. 415-іс, 10-п.). Шекарада ұсталды деген желеумен жергілікті тұрғындардың малын заңсыз тәркілеу фактілері соңғылардың орынды ашу-ызасын туғызды. 1921 жылдың 5 маусымында Текес ойпатында көктеуде Ашылы Тубек 480 жылқыларын жайып жүріп, оларға кездескен екі шекара қызметінің Қарақол уезі ерекше бөлімінің солдаттары жылқышылардан мініске ат сұрайды. Малдарын беруге келіспеген төрт жылқышының біреуі солдаттардың оғынан мерт болады. Қалған үш жылқышы қашып кетеді. Мал иелерінің кім екенін анықтаған шекара қызметі солдаттары 12 адамды тұтқынға алып, Қарақол түрмесіне жөнелтеді. Қарақол уездік саяси бюросы тұтқындарды 31 күннен кейін бастақан. Жетісу облыстық кедей-батырақтар одағы бюросына Жаркент уезі Тортыл болыстығы тұрғындары Ибрамбай Ултанқұлов пен Османбек Борамбаевтардың арызында шекара ерекше бөлімі тәркілеген 480 жылқының 58 шаруашылыққа тән екенін көрсетіп, малды қайтарып, кінәлі солдаттарды жазалауды сұраған (РӘСТМА. 61-қ. 1-т. 62-іс, 2-п.). Шаруалар арызын қараған ТКП Жетісу обкомының жауапты хатшысы Покровский Қарақол саяси бюросы мен уездік атқарукомға «Нарынқол шекарасы маңайында тұратын Турчур (Тортыл) болыстығының азаматтарынан заңсыз тәркілеу мен жылқышының өлтірілуі туралы істі тергеп... нәтижесін облатқаруком төралқасына мүмкіндігінше қысқа мерзімде баяндауды» тапсырды (РӘСТМА. 61-қ. 1-т. 62-іс, 4-п.). Өз кезегінде Түркістан республикасының «Қосшы» одақтарының орталық комитеті төрағасы Сұлтанбек Қожанов та Тортылдағы қырғыз шаруалардың арызына назар аударып, ТКП Түркбюросы мен ТүркОАК-не, ТКП орталық комитетіне жолдаған хатында «Түркістан майданының ерекше бөлімдерінің шекара пункттерінің бассыздығы мен отаршылдық әрекетіне тыйым» салуды талап етті (РӘСТМА. 61-қ. 1-т. 62-іс, 5-п.).

1921 жылдың 22 қазанында Қорғас бекетінен оңтүстікке қарай 55 верст жерде қолдарында құжаттары бар, Қытайдан бері өткен 23 түтін қазақ-қырғыз қашқындар тоқтатылған. Көштегі адам саны 87, олардың 43 аты, 97 ірі қара малы, 133 ұсақ жанды малдары болған. Қашқындардың бәрі Бақты участкесінің ерекше бөліміне табыс етілген (РМӘА. 18233-қ. 1-т. 20-іс, 96, 96 (а)-пп.). Осы 22 қазан күні Қарақол ерекше шекара пунктіне қарайтын Сүмбе өзені бойында орналасқан 25-бекет құрамында әйелдер мен балалар бар 42 қазақ-қырғыз босқындарын ұстаған. Қашқындар көшінің 57 ат, 26 сиыр, 10 киіз үй, 4 винтовка (бердан), бір дәрімен оқталатын мылтық (дробовик), 8 түйін оқ дәрі, 3 қылышы болған. Тізімдегі мүліктің бәрі контрабанда ретінде Охотничий (Нарынқол) шекара бекетіне тапсырылған (РМӘА. 18233-қ., 1-т., 20-іс, 105, 105 (а), 106-пп.). Бұған қоса Сүмбе өзенінің Қарақұян өзеніне құятын тұсында шекарадан 3 верст қашықтықта босқын қазақтардың келесі көші қолға түскен. Көш құрамында әйелдер мен балаларды қосқанда 67 адам болған. Босқындарың 136 ірі қара, 76 ат, 354 қойы, басқа да үй мүліктері болған. Ұсталғандар 26-охотничий шекара бекетіне тапсырылған (РМӘА. 18233-қ. 1-т. 20-іс, 107, 107 (а)-пп.). Бұл мәлімет ВЧК әскерінің 220 жедел шекара батальонының жедел ақпарларында көрсетілген. Қытайдан бері өтіп келе жатқан босқындар шекарашылар мәліметтерінде аттары көрсетілмей, қашқындар деп сипатталған. Траихшы Н.Н. Аблажей: «ГПУ тарапынан репатрианттарды шекарадан заңсыз өтуіне байланысты жауапкершілікке тартпауға кеңес берілгенімен, олардың барлығы арнайы қызметтердің жіті бақылауына тап болды» - деп көрсеткен (Аблажей, 2014: 26).

Босқыншылық тарихындағы шекара әскери құрылымдардың іс-әрекетінің маңызын, босқындарға қатысты шекара қызметі басшылыққа алған әскери доктрина мен саяси басымдықтың мәнін ескеріп, осы арада Кеңестік Ресейдің Қытаймен шекарасын күзетуге тартылған әскери күштерді таратып айта кеткен орынды санаймыз. Қытаймен шекараны

күзеткен Түркістан республикасы ВЧК әскері 37-ші шекара бригадасы басқару орталығы Алматы қаласында орнығып, құрамына 216, 217, 218, 219, 220, және 221 шекара батальондары, бұған қоса 35, 36, 37, 38, 39 және 40-шы атты әскер эскадроны, жалпы саны 6 батальон, 6 эскадрон кірді. Күзет бригадасына Дарауыт-Қорған асуынан Хабар Асу өткеліне дейінгі аралықты қарады. Қытаймен бүкіл шекара 6 ауданға бөлінді. 1-аудан: Сүйік асуынан Ыштық асуын қоса алғанға дейінгі аралықты бұрынғы атауы 18- Түркполкі әңгіме болып отырған кезеңде 217 шекара баталеоны аталған құрама мен Жаркент уезінің Подгорное селосында құрылған 36 атты әскер эскадроны күзетті. Бұл ауданның штабы – Нарын бекінісі.

2-аудан: Ыштық асуынан Қалжат бекетін қоса алғанда бұрынғы 15 атқыштар полкі, кейіннен 218 шекара баталеоны және 37 атты әскер эскадроны қарауында болды. Штабы Қарақолда орналасты.

3-аудан: Қалжат бекетінен Көк Атой асуын қоса алғанда бұрынғы Ферғанадан әкелінген 5-шекара батальоны, кейіннен 219 шекара батальоны аталған бөлім және Түркімен шекара полкі мен 38, 39 атты әскер эскадрондары қарауында болып, штабы Жаркент қаласына орнықты.

4-аудан: Көк Атой асуынан Алакөл көлін қосқандағы аралықты күзетуге бұрынғы 16 атқыштар полкі кейіннен 220 шекара батальоны тартылып, шекара бөлім штабы Лепсіде орналасты.

5-аудан: Алакөл көлінен Хабар Асу асуына дейінгі аумақты бұрынғы 17 полкі, кейіннен 221 әскери батальон аталған бөлім мен Лепсіде құрылған 40 – атты әскер эскадроны күзетті. Штабы Бақтыда орналасты.

6-аудан: Дауіт-Қорған асуынан Сүйік асуын қоса алғандағы аудан 216 әскери батальон мен 35 атты әскер эскадроны қарауында болып, бөлім штабы Иркештан мекенінде орнықты. 1921 жылдың тамыз айында ВЧК 37 шекара бригадасының командирі қызметін Семенов, ерекше бөлім бастығы қызметін Павлович атқарды (РМӨА. 18233-қ. 1-т. 17-іс, 9-п.).

Шекара әскері бөлімдерінде басым көпшілігі жергілікті ұлттардан емес еді. Ең көп құрам еуропалық ұлт өкілдерінен тұрды. Шекара күзетіндегі әскери құрылымдар жауынгерлерінің жергілікті халыққа жеккөрінішті қарағаны туралы фактілер әскери бөлімдердің өз құжаттарында да сақталған. 1921 жылдың 16 қыркүйектегі ВЧК әскері 37-ші жеке шекара бригадасы әскерлеріне арналған бұйрықта «маған бағынышты 219, 220 батальондар және Түркімен атты әскер полкі қызыләскерлері тарапынан жергілікті халықтың жеміс-жидек бақтарынан ұрлау оқиғалары байқалып отырғаны» көрсетілген. Бұйрық беруші бригада командирі Семенов мұндай жағдайдың соңғы кезде жалпы тұрақты сипат алып бара жатқанын, осы арқылы жергілікті тұрғындар шаруашылығына үлкен зиян келтіріліп, осының негізінде батальон-полк қызыләскерлеріне жергілікті халықтың жаулық көзқарасы қалыптасып отырғанын көрсеткен. Өз тарапынан жоғарыда аталған бөлімдер қызыләскерлері жергілікті өкімет орындары мен коммунистерге жаулық көзбен қарайтын болған. Семеновтың бұйрығында 220 шекара батальонының Жаркентке орныққалы бері көпшілігі дұрыс тамақтанбаудың салдарынан ауырып, кейбір шекара бекеттерінде 2 адам ған күзетте тұрған кездер кездескен. Бригада командирі мұндай ахуалдың қалыптасуына қызыләскерлердің тұрмыс жағдайының нашарлығы ғана емес, «саяси сана сезімдерінің төмендігі» де әсер етіп отырғанын көрсеткен (РМӨА. 18233-қ. 1-т. 17-іс, 43-п.). Семеновтың бұйрығында аталған Жаркент Түркімен шекара полкі туралы бірер дерек келтіре кетейік. 1920 жылдың маусымында Мерв қаласында орналасқан әскери бөлімнің жасақталу тарихы туралы мәлімет кездеспеді. Ресей мемлекеттік әскери архивінде сақталған полктің құжаттары қорында 1921 жылдың 6 наурызында Түркістан дивизиясы құрамындағы 55 атты әскер полкі ретінде Сосновка мекенінде орналасқаны туралы дерек бар. 1921 жылдың 7 маусымынан ВЧК әскеріне бағынышты болған Түркімен шекара полкі 9 осы жылдың 4 тамыз – 9 қыркүйек аралығында Сосновка селосынан Жаркент қаласына келтірілген. Түркімен полкінің командирі қызметін Марсаков атқарған. Түркімен полкі 1922 жылдың 22 наурызында полк құрамындағы ұлты түркімен қатардағы жауынгерлер мен әскери құрамды бөліп, Түркіменстанға аттандыруға дайындалады да, әскери бөлімге 39 жеке шекара эскадроны атауы беріледі.



22 наурыз күнгі бұйрық бойынша Түркімен шекара атты әскер полкі таратылды деп саналады (РМӘА. 8443-қ. 1-т. 12-іс, 14(а), 15(а)-пп.).

Шекара әскери құрылымдардың ішкі құжаттарында да атап өтілген, негізінен жатжерліктерден құралған әскери құрамалардың ротациясының өзіндік логикасы болған. Бұлай істеуге жергілікті тұрғындарға сенімсіздіктің жоғары деңгейде болғанын себеп деп ойлауға болады. Мұнда басшылыққа алынған негізгі принцип саяси себептер болғанымен, ұлттық мәселе маңызды рол атқарған. Шекара әскері жергілікті халық тарапынан бөтен, күш көрсетуші, жаулаушы күш ретінде танылып, оның бұйрық-тапсырмалары біржақты жазалау тұрғысында қабылданды. Шекара әскерлерінің рапорттарында жергілікті тұрғындар Патшалы Ресей кезіндегідей «қырғыз» деп жалпылама сипатталса, босқындар «қашып өтушілер» саналды. Ұсталғандардың жан, қару, мал саны саналғанымен, адамдардың жеке тұлғасын анықтауға бағытталған жұмыс жүргізілмеді. Шекара бөлімдері кезекшілігінің есептерінің тым жұтаң екенін ВЧК Қытай шекарасы әскері бастығы Тарапов, ерекше бөлім бастығы Леонов, штаб бастығы Романовскийлер қол қойған бұйрықта көрсеткен. «ВЧК әскеріне және бригада штабының жаппай таратылған бұйрығына қарамастан, ешбір батальон командирі жедел орта туралы сол бұйрықтың жедел мәлімет табелінің 9, 10, 11, 12, 13, 19 және 20 пункттерінде көрсетілгендей толыққанды ақпар жіберген жоқ. Көп жағдайда берілетін мәліметтер тым жұтаң, әрі республика ВЧК сұранысына жауап бермейді және мағлұматы жоқ ресми жауаптар болып тұр» – делінген Тараповтың 1921 жылдың 3 қазан күнгі бұйрығында. Бұйрықтың 4-параграфында ендігі жерде бұл бұйрықты орындамаған командирлер мен адъютанттар орнынан алынып, ревтрибунал сотына берілуіне дейін жауапкершілік тартатыны ескертілген (РМӘА. 18233-қ. 1-т. 17-іс, 46-п.).

Қазақ-қырғыз және басқа ұлт өкілдерінен құралған босқындар көшінің Қытай тарапынан бері өтуі оңайға түспейтін әрекет болатын. 1912 жылдың 18 мамырынан бастап Шыңжаңның губернаторы қызметіне келген Ян Цзен-синь қытай милитаризмінің әкесі болған Ян Шикайдың ізбасары болатын. Ян Цзени-синь өз саясатында қаталдық пен жұмсақтықты алмастырып пайдаланды. Шыңжаңдық жергілікті халықтардың діни ұстанымына кеңшілік жасаған Синьцзян губернаторы өз билігіне қатер төнді деп санағанда, халықты қатандықпен басып-жаншудан да тайынбады (Абдуллаев, 2009: 278). Ал негізінен Шыңжаңның өкімет орындарының құжаттары негізінде зерттеу жүргізген қазақстандық тарихшы Н. Мұхаметханұлы: «Шыңжаң губернаторы Ян Зыңшынның 1916–1921 жылдары Ресей босқындарына және Ресейдің қашқын ақгвардияшылдарына қолданған саясаттары мен олардың проблемасын шешуде қолданған әдіс-айласы Шыңжаң үшін ұтымды болғандығын мойындамауға болмайды. Сондай-ақ, оның Қазақстан үшін де тиімді болғандығын атап айтуға болады» – деген түйін жасаған (Мұхаметханұлы, 2000: 239). Бұл арада тарихшылардың пікір алшақтығы олардың зерттеуіне негіз болған деректемелік бұлақтарға байланысты болғанын ескеру керек.

Батыс Қытайдағы Қытай әскери күштерінің орналасуы туралы сандық мәліметтер қытай бөлімдерінің шашыраңқы орналасқанымен, қомақты көлемдегі қарулы топтар болғанын көрсетеді. 1922 жылдың 1 тамызына қараған шақтағы мәліметтер бойынша Іле округіне қарасты Күре қаласында орныққан округтің әскери губернаторы Чжен-шоу-ши Нью, оның штаб бастығы полковник Ли қарасты аудауыл (конвой) 1 эскадронында 60 сарбаз, 4 пулемет болған. Бұған қоса 50 қылыш, 3 пулемет аудауылдар басшысы Янға бағынышты болған. Іле құрама бригадасы аталған әскери бөлімге 300 жаяу әскер, 8 эскадронға бөлінген 675 аттылы әскер полкі, бұлардан бөлек полковник Ли-тун-линнің қарамағындағы 4 эскадронды құрайтын 346 қылыш сапта болған. Құлжада Тун даронның жеке айдауылдары 150 қылыш, Чжан Хэ-Фу 200 қылыш атты әскер, Ши-хо қолбасшыға қарасты 100 аудауыл, 400 қылыш атты әскер топтасты. Нарынқолға таяу сан мөлшері көрсетілмеген қалмақтар қолы, Бортолада Дын-тун-линге қарайтын 125 қылыш отряд орныққан. Барлау мәліметтеріне сәйкес Іле округінде жалпы саны 4966 қылыш, 13 пулемет, 12 зеңбірек болған. Қашқар округінде 5340 қылыш, 6 пулемет, 6 зеңбірек орнықса, Тарбағатай ауданы орталығы Шәуешекте 1 батальон, 3 эскадронды құрайтын 400 қылыш, 4 пулемет, 2 зеңбірек,

Үрімжі ауданында 3500 қылыш, пулемет саны белгісіз, 18 зеңбірек топталған (РМӨА. 110-қор, 7-тізім, 45-іс, 4-п.). Шекара қызметінің барлауы 1647 қылыш ақгвардияшылар әскери күштері бар екенін де анықтаған. Іле округы шекара күзетіне жалпы саны 2160 қылыш әскери күш жұмылдырылса, азаматтық өкімет отрядтарында шекара күзетінде 1410 адам қызмет еткен (РМӨА. 110-қ. 7-т. 45-іс, 4(а)-п.). Кеңестік әскери барлау мәліметтеріне негізделген батыс Қытай әскери қимыл театрының шолу материалына сәйкес, Синьцзян әскерінде винтовканың 10 түрі болған. Аумақта кең таралған қару түрлеріне герман маузері, жапон мураты, 3 линиялы орыс мылтығы, карабиндерді жатқызуға болады. Синьцзян әскері Максим, Гочкис пулеметтерін қолданған. Артиллерия ескі үлгідегі Крупп зеңбіректерімен қаруланған. Синьцзян әскери құрамалары аз мөлшерде болса да жаңа қару түрлерін қолданған (РМӨА. 110-қ. 7-т. 45-іс, 34-35- пп.). Зерттеуші Т. Абдуллаев өз еңбегінде губернатор Ян Цзен-синьнің қол астындағы манчжурлар мен қытай ханьдарынан тұратын шекара отрядын қоса есептегендегі Шыңжаңдағы армияның жинақы саны 10 000 жауынгерді құрағанын көрсеткен (Абдуллаев, 2009: 278).

Босқындарды қайтару және орналастыру бойынша Тұратқарукомына қарайтын ерекше комиссия мүшелерінің өздерінің заңдық жауапкершілікке тартылу фактілері де кездесті. Бұл көбіне босқындарға таратылып берілуге тиіс азық-түлік, киімдерді ысырап қылуға байланысты болды. Мерзімі көрсетілмеген, шамамен 1922 жылдың қаңтарындағы Лепсі уездік комиссия хатшысы Василий Федоровтың Алматыға ТүркОАК ерекше комиссиясына жолдаған жеделхатта: «Күдербеков, Исхақов, Самұрадбеков, Мамажановтардың қамауға алынуына байланысты уездік босқындар комиссиясы (укомбеж) беделден жұрдай болды. Жергілікті өкімет орындарының қиғаш әрекеттері байқалып тұр. Жеке басқа қол сұғушылықты болмауына кепілдік бермесеңіз, уездік комиссия жұмысы тоқтап қалады», - делінген (ЖОМА. 751-қ. 1-т. 10-іс, 21-п.). Үстінен іс қозғалып, қамалған Күдербеков Сүлеймен 48 жаста, 3 сыныптық білім алған, 1920 жылдың 20 сәуірден уездік босқындар комиссиясына төраға болып тағайындалған. Ал Исхақов Сәбит 38 жаста, уездік комиссияда шаруашылық бөлімінің меңгерушісі қызметінде болған (ЖОМА 751-қ. 1-т. 12-іс, 112-п.).

1923 жылдан босқындарды қабылдау орналастыруға байланысты жұмыстар қайта жанданғанын көруге болады. 1920 жылы қыркүйек айында ТүркАССР халық комиссарлар кеңесі ерекше комиссиясының Верный уезіндегі өкілетті уәкілі болып Қанай Боранбаев тағайындалады (ЖОМА. ПФ 265-қ. 1-т. 1-іс, 25-п.). Қанай Боранбаевтың Синьцзянның Тарбағатай ауданындағы босқындардың реэвакуация мәселелелерін үйлестіру мақсатында Шәуешекте жұмыс істеген кезеңі 1923 жылға сай келеді. Кәсіби заңгер, талантты ұйымдастырушы Қанай Боранбаев қазақ босқындарын қайтару, орналастыру, реэвакуация мәселелерінің маңызына саяси-тарихи тұрғыда терең бойлаған кеңестік қызметкер болды деуге болады. Қ. Боранбаевтың Шәуешектегі миссиясы туралы кейіннен, шамамен 1924 жылдың басында ТүркАССР халкомкеңесіне жолдаған баяндамасы Тарбағатай өңірі бойынша ғана емес, XX ғасырдың бірінші ширегіндегі тұтас Батыс Қытайдағы қазақ-қырғыз босқыншылық тарихының қысқаша шолу деуге болады (Восстание 1916 года в Туркестане, 431–448). Қанай Боранбаевтың баяндамасында 1923 жылдың 1 ақпан – 1 мамыр аралығында Шәуешектен РСФСР-ға 10 түтін ресми түрде, шамамен тағы 100 түтін бейресми түрде оралғанын көрсеткен (Восстание 1916 года в Туркестане, 2016: 438). Ал осы 1923 жылдың 10 маусым мен 1 қыркүйек аралығында ресми және бейресми жолмен 750 түтін өткізілгенін қуаттайды (Восстание 1916 года в Туркестане, 2016: 447). Мұндай мәліметтер босқындарды қайтару шараларының тек Қытай өкімет орындарының ресми рұқсатымен ғана жүргізілмегенін көрсетеді. Қытайдың Синьцзян үкіметінің ресейлік босқындарды қайтару процесіне барынша кедергі келтіріп баққаны дипломаттардың орталыққа жолдаған хаттарында да айтылған. ТүркАССР халкомкеңесінің арнайы уәкілі Қ. Боранбаевтың баяндамасындағы босқындардың «бересми» түрде атамекенге оралуы туралы сөздерін қуаттайтын фактілер НКВД (сыртқы істер халық комиссариаты – Е.С.) ішкі құжаттарында да кездеседі. 1923 жылдың 23 тамызында НКВД-тің Іле өлкесіндегі өкілетті уәкілі

Печатниковтың Жаркент уездік атқару комитетіне жолдаған № 1148 құпия хатында Батыс Қытайдан қазақ-қырғыз босқындарды «бейресми» жөнелтудің механизмі сипатталған. «Осыдан бір айға жуық бұрын біздің көмектесуімізбен ұйымдасқан жолмен, қытайлардың көзінен таса Текес ауданынан Сәрсембай бастаған 200 түтін құрайтын ауа көшушілер Жаркент уезінің Айт болыстығына қарасты Ой Қарасай шатқалына өткізілді.» - деп хабарлайды Печатников. Құлжадағы уәкіл бұл көшіп барған босқындарды Жаркент уезі жергілікті өкімет орындары жылы қарсы алғанынан хабардар екенін жазады. Ары қарай Печатников хатында: «Қытай өкіметі мұсылман босқындардың Кеңестік Россияға оралуына әрқилы кедергілер жасап отырғандықтан, біз Іле өлкесінен осындай жолдармен адамдарды шығаруға бекіндік. Бұл үшін Қапал, Лепсі және Жаркент сияқты шекара маңындағы уездер біздер ұйымдастыратын мұндай тәсілдермен жүргізілетін жаппай реэвакуация туралы білулері, көрсетілген босқындардың Кеңестік территорияға кіргенінен кейін олардың бұрынғы орындарына қолайлы орнығуына барынша жағдай жасап, бұл туралы бізді өз уақытында хабардар етіп отыруы керек» - дейді. Құлжадағы кеңестік уәкіл мұндай шаралар қалған босқындарды реэвакуацияға көндіру үшін де керек екенін жасырмайды. «Кеткен қырғыздар (қазақтар), тараншылар, дүнгендердің өздерінен қалай орналасқандарын көрсетіп жазған хаттары мұнда келсе, жақсы болар еді. Мұндай хаттар басқаларды көшуге жақсы үгіттеу болар еді.» - деп жалғастырады Печатников. Печатников осы құпия хаттың мазмұнымен тиісті шаралар қабылдау үшін Қапал және Лепсі атқарукомдарының төрағаларын хабардар етуді өтінген. Печатников, сондай-ақ, «бейресми» өткізілген Сәрсембай бастаған 200 түтіннің көшінен біршама уақыттан кейін Оспан дегеннің басқаруындағы тағы 65 түтін көшкенін, олардың қайда және қалай орналасқанын білу өзі үшін қызық екенін көрсеткен (ЖОМА. 751-қ. 1-т. 80а-іс, 2-п.).

Қытайдан келетін босқындарды оларды бұрынғы мекендеріне орналастыру тәжірибесіне өзгеріс енгізіле бастады. Оған себеп, 1922–1923 жылдардағы жер-су реформасы нәтижесінде Жетісуда шаруаларға егістік жерлерді бөлу қарқынды жүріп жатқан болатын. Бұл жағдайда Қытайдан оралған босқынды бұрынғы оның кеткен жеріне орналастыру үшін жер меншігіне бөлініп берілген жаңа жер телімін жаңа иесінен қайтарып алуға тура келетін еді. Өз кезегінде босқындарды бұлайша орналастыру жаңа әлеуметтік шиеленістердің алғышартын туғызды.

Босқындардың күштік құрылымдар тарапынан тонаушылыққа ұшырау фактілері тыйыла қоймады. 1923 жылдың 9 қарашасында Лепсі уезіндегі босқындарды орналастыру жөніндегі уәкілге Мақаншы болыстығы Емел ауылының бір топ босқындарының атынан арызданған Ақымбай Еділбаевтың арызы тіркелген. Арызда: «Біз Чугучактағы КСРО-ның сыртқы істер халкомының уәкілі Фисенко жолдас пен Түркеспублика халкомкеңесінің босқындарды реэвакуациясы жөніндегі уәкілі Боранбаев жолдастың куәлігін алып, Қытай шекарасын Емел ауылы тұсында өткен жолымызда бірнеше қарулы адамдар кездесіп, біздің ат, түйе, сиырларымыздан 44 бас ірі қара малымызды айдап алып кетті. Бізден тартып алынған малымызды қайтаруға Лепсі бөліміне келгенімізде 1 түйеміз қайтарылды. Басқа малымызды сұрағанымызды, бөлімдегілер бұл малды бандиттерден тартып алғандарын айтып, басқа мал туралы білмейтіндіктерін айтты. Бұған қоса Глинковка селосындағы Троцкий жолдас атындағы комунада біз тағы 4 түйемізді, сол селоның азаматы Копчевтен 8 өгізімізді, Пограничное болыстығының азаматы Смағұл Обышевтен 1 түйемізді, Лепсі қаласының азаматы Каир Салимовтан 1 сиырымызды таныдық. Малды иеленуші азаматтар ірі қараны ерекше комиссия қызметкері Никуллин және басқаларынан сатып алғандарын айтады. Никуллиннің қарамағындағы бір қырғыз (қазақ) Жалтыр Тулақбаевтан бізден тоналған бір пар аяқ киімімізді таныдық және бұл қырғыз (қазақ) бізді тонап, малымызды айдап әкеткен топтың ішінде болғанын таныдық. Біздің тарапымыздан № 10 шекара бөлімшесінің ГПУ-не малымызды қайтарып, кінәліларды жауапкершілікке тарту туралы берілген арызымыз аяқсыз қалды. Жоғарыдағы жайды баяндай отырып, сізден бізден заңсыз тартып алынған малды қайтарып, қарақшыларды қатаң жазаға тартуыңызды сұраймыз.» - делінген (ЖОМА. 751-қ. 1-т. 80а-іс, 4-п.). Сол күні, 1923 жылғы 9 қарашасында Лепсі атқару бюросы «Еміл ауылының босқындарының № 10 Шекара бөлімі ГПУ-нің қызметкерлері малдарын тартып алғаны

туралы» арызын карап, «Еміл ауылының босқын-азаматтарынан алынған малды уездік босқындар комиссиясы қарауына берілсін. Мәселенің даулылығына орай атқару бюросы ГПУ бастаған тергеуді Герман жолдастың жеке жауапкершілігінде жеделдетілсін», – деген қаулы қабылдайды (ЖОМА. 751-қ. 1-т. 80а-іс, 3-п.).

Босқындарды Отанына қайтару жайы 1924 жылға қарай ұйымдасқан сипатта жүргізіле бастады. Бұл арада КСРО сыртқы істер халкомы уәкілдері белсенді жұмыс атқарды. Синьзянның Іле әскери губернаторы Джен-Шоу-Шиге қарасты жерлерден үлкен топтарға біріккен босқындар көші жолға шықса, басқа аудандардағы босқындар жеке жанұяларымен бірге жалғыз-жарымдап қайтып жатты. 1924 жылдың маусым айының ортасында Талдықорған уезі Жоғары Ақсу болыстығына қарасты 800 жаннан тұрған босқындар көші кері қайтты. НКВД-тің Іле өлкесіндегі уәкілі Печатниковтың 1924 жылғы маусымда Алматы облатқаруком мен Талдықорған, Лепсі және Жаркент босқындар комиссиялары төрағаларына жолдаған хатында бұл босқындар көшінің әдеттегідей Қорғас арқылы емес, әскери губернатор Джен-Шоу-Шидің рұқсатымен Боротола өзені аңғарының жоғары ағысындағы Қарасарық асуы арқылы қайтатынын, босқындар көшін Жүсіп Байдермісов бастап шыққанын хабарлаған. Осы көшпен бір уақытта Талдықорған уезінің Саратов болыстығынан келген 150 жан босқындар тобы Төре Тұрсынның бастауымен елге қайту үшін жолға шығады. Құлжадағы уәкілдің мәліметінше бұдан басқа 1924 жылдың маусым айының аяғында Боротола өзені жоғары ағысындағы Қарасарық асуына жақын жатқан Көке тау асуы арқылы тағы да Джен-Шоу-шидің рұқсатымен Лепсі уезіне қарасты Шынжылы болыстығының 700 жандық 140 түтіні Байеке Бағабыловтың бастауымен туған мекендеріне оралмақ. Печатников ресми қытай жергілікті билігінің рұқсатымен қозғалған бұл босқындар көшіне осы Шынжылы болыстығына қарасты тағы 100 жанұя Қытай өкімет орындарының рұқсатынсыз қайтып бара жатқанын да хабарлаған. Бұған қоса Құлжадағы өкілдікке Іле өлкесінің әр түкпірінде шашырай қоныстанған Шынжылы болыстығының тағы 13 жанұя кедей босқындары КСРО-ға Қорғас бекеті арқылы жіберуді сұраған өтініштері түскен (ЖОМА. 751-қ. 1-т. 88-іс, 55-п.). Печатниковтың көрсетуінше, Саратов болыстығына тән тағы 100 түтін қазақ босқындар Құлжадағы НКВД өкілдігіне көмек беру туралы өтініш бермесе де, КСРО-ға қайтуға дайындалып жатқаны туралы ақпарат түскен. Құлжадағы уәкіл Жаркент уезіне қарасты босқындар жеке соқпақтар арқылы, Қорғасты айналып өтіп жатқанын хабарлаған (ЖОМА. 751-қ. 1-т. 88-іс, 55 (а)-п.).

Зерттеу жұмысының объектісі болып отырған Қазақстанның оңтүсті-шығыс өңірінің 1918-1924 жылдар аралығында Түркістан АССР құрамында болып, әкімшік бағыныстығы Ташкенттен басқарылғаны белгілі. Жетісуға қайтарылған босқындар тек Батыс Қытайдан ғана келіп жатқан жоқ еді. 1921 жылдың 28 мамырында Түркістан республикасы ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының Қырғыз бөлімшесі қаулысы және еңбек халық комиссары Қожановтың ұсынысымен телеграф арқылы 1916–1918 жылдары Түркістаннан қашуға мәжбүр болған, қазіргі Қырғыз (Қазақ) республикасында болған барлық қырғыз (қазақ) босқындарды ешбір кедергісіз қайтару туралы тапсырма берілді. Осы тапсырманы орындау барысында 1921 жылдың маусым, шілде айларында 28 эшалон, шамамен 1,5 мың босқын Қазалыдан Ташкентке дейінгі станциялар сайын, өздерінің тұрғылықты мекендеріне түсіріліп жіткізілді. ТүркАССР ұлт істері жөніндегі халкомы Қырғыз бөлімшесі төрағасы Қадыров ұлттар жөніндегі халком іс басқарушысы Деловтар қол қойған ТүркОАК-не жолданған 1921 жылдың 11 желтоқсанындағы № 5034 қатынас хатта жинақталып жеткізілгендерден басқа қайтару туралы өтініштер тсүпегенін хабарлаған. Қырғыз (Қазақ) респуликасынан Түркістанға еш кедергісіз қайтуға рұқсат әлі күшінде екенін ескертіп, НКВД арқылы келіп жатқан қырғыз (қазақ) босқындарды орналастыру бойынша барлық шараларды қабылдау міндетін жергілікті жерлердегі барлық атқарукомдардың міндеттеріне енгізу ұсынылды. Аталған хатқа «Атқарукомдарға Түркістаннан келген бұл босқындарды орналастыру қажеттігі ескертілсін» деген ТүркОАК төрағасының орынбасары С. Қожановтың бұрыштамасы қойылған (АОМА 489-қ. 1-т. 426-іс, 1-п.).

## Қорытынды

Ресей империясындағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс салдарынан және 1918 жылдардағы қызыл партизандар, отаршыл орыс қоныс аударушыларынан көрген қысымнан Батыс Қытайды паналаған Жетісу босқындарының қабылдаушы елдегі жағдайы да мүшкіл болды. 1920 жылдан бастап Түркістан АССР өкімет орындарының босқындарды қайтаруға бағытталған шаралар қабылдауы оларды атамекенге оралуына жол ашты. Босқындар репатриациясы Синьцзян және Кеңестік Россия шекара қызметтерінің кедергісіне ұшырады. Түркістандағы азамат соғысының жалғасуы шекара қызметіндегі әскерилердің босқындарға қарсы қатаң саясат ұстауына мүмкіндік берді. Саяси, азаматтық үкімет орындары мен әскери-шекара қызметінің босқындар проблемасына қатысты позициялары кереғар сипатта болды. Шекара бойында босқындардың мал-мүлкін тәркілеу, оларға оқ ату қалыпты жағдай болды. Осылайша, мұсылман босқындардың Жетісуға оралу талабы Қытай билігінің Синьцзянь аймағындағы шекара күзетіне ұстаған 10 мыңға жуық әскерінің, Кеңестік Ресейдің шекара сызығы бойына топтастырған 6 батальон, 6 эскадрон қарулы күштерінің тарапынан болған қысым әсерінен баяу жүзеге асты. Батыс Қытайға аранайы жіберілген босқындар жөніндегі ерекше комиссия уәкілдері мен кеңестік дипломаттар босқындарды Ресей азаматтарының еліне оралуына барынша кедергі жасап баққан Қытай билігінің көзін ала беріп, «бейресми» түрде шекара асуын да ұйымдастырды. Жоғарыдағы мақалада отандық және шетелдік архивтер деректері, жарияланған ғылыми зерттеулер негізінде ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы қазақ-қырғыз босқындардың РСФСР ме Қытай шекара күштерімен қарым-қатынасы, олардың Отанға оралу жолындағы тартқан шырғалаңы талданған.

## Sources

ASAR — State Archives of Almaty Region  
ZhSAR — State Archive of Zhetysu Region  
PB ZhSAR — Panfilov branch of the State Archive of the Zhetysu region  
RSMA — Russian State Military Archive  
RSASPH — Russian State Archive of Socio-Political History

## Дереккөздер

АОМА — Алматы облыстық мемлекеттік архиві  
ЖОМА — Жетісу облысының мемлекеттік архиві  
ЖОМА ПА — Жетісу облысының мемлекеттік архиві Панфилов филиалы  
РМӘА — Ресей мемлекеттік әскери архиві  
РӨСТМА — Ресейдің әлеуметтік-саяси тарихының мемлекеттік архиві

## Әдебиеттер

Абдуллаев, 2009 — *Абдуллаев К.Н.* От Синьцзяня до Хорасана. Из истории среднеазиатской эмиграции XX века. Душанбе: Ирфон, 2009. 571 с.  
Аблажей, 2014 — *Аблажей Н.Н.* Казахский миграционный маятник «Казахстан-Синьцзян» Эмиграция. Репатриация. Интеграция. Караганды: «Болашақ-Баспа», 2014. 273 с.  
Алдабек, 2003 — *Алдабек Н.А.* Тарихы талқыға толы Шыңжаң. Алматы: Қазақ университеті. 2003. 432 б.  
Бармин, 1998 — *Бармин В.А.* Советский Союз и Синьцзян 1918–1941 гг. (Региональный фактор во внешней политике Советского Союза) Барнаул: Изд-во БГПУ, 1998. 214 с.  
Будянский, 2007 — *Будянский Д.М.* История беженцев-қырғызов (1916–1927 годы). Бишкек: «ДЭМИ», 2007. 196 с.  
Восстание 1916 года в Туркестане, 2016 — *Восстание 1916 года в Туркестане: документальные свидетельства общей трагедии: сб. док. и материалов.* / МГУ им. М.В. Ломоносова, Ин-т всеобщ. истории РАН. М.: Марджани, 2016. 468 с.  
Камерон, 2020 — *Камерон С.* Аштық жайлаған дала. Ашаршылық, озбырлық және кеңестік Қазақстанды орнату. Ағылшын тілінен аударған С. Батаева, З. Батаева. Алматы: Krag, 2020. 304 б.  
Қоңыратбаев, 1994 — *Қоңыратбаев О.М.* Тұрар Рысқұлов: Қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі. Алматы: Қазақстан, 1994. 488 б.  
Лысенко, 2020 — *Лысенко Ю.А.* Процесс возвращения беженцев-участник Туркестанского восстания 1916 г. Из Китая органами Советской власти в 20-е гг. XX в. // Народы и религии Евразии, 2020. № 4 (25). С. 112–123.  
Мендикулова Г.М., Атанасева Б.Ж., 2008 — *Мендикулова Г. М., Атанасева Б.Ж.* История миграций между Казахстаном и Китаем в 1860–1960-е гг. Алматы: САГА, 2008. 232 с.  
Мұхаметханұлы, 2000 — *Мұхаметханұлы Н.* Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860–1920 жж.).

Алматы: Қазақпарат, 2000. 336 б.

Holborn, Shuva, 1968 — *Holborn L.W., Shuval J.T.* «Refugees». In international Encyclopedias of the Social Sciences. New York, 1968. Vol. 13. Pp. 361–377.

Czegledy, 1969 — *Czegledy Karoli.* Nomad Peoples Migration from East to West. Budapest: Akademiai Kiado, 1969. 178 p.

Forbes, 1986 — *Forbes Andrew D.W.* Warlords and Muslims in Chinese Central Asia: Political history of Republican Sinkiang 1911–1949. Cambridge: Cambridge University Press, 1986. 376 p.

Шаметова, 2024 — *Шаметова Т.А.* Российско-Синьцзянские торгово-экономические и политические отношения в 1914–1922 гг. Монография. Барнаул: ФГБОУ ВО «АлтГПУ». 2024. 306 с.

### References

Abdullaev, 2009 — *Abdullaev K.N.* Ot Sin'czjanja do Horasana. Iz istorii sredneaziatskoj jemigracii XX veka. [From Xinjiang to Khorasan. From the history of Central Asian emigration of the twentieth century]. Dushanbe: Irfon, 2009. 571 p. (In Russ.).

Ablazhej, 2014 — *Ablazhej N.N.* Kazahskij migracionnyj majatnik «Kazakhstan-Sin'czjan» Jemigracija. Repatriacija. Integracija. [Kazakh migration pendulum “Kazakhstan-Xinjiang” Emigration. Repatriation. Integration]. Karagandy: «Bolashak-Baspa», 2014. 273 p. (In Russ.).

Aldabek, 2003 — *Aldabek N.A.* Tarihy talkyga toly Sin'czyan. [Xinjiang, whose history is full of debate] Almaty: Kazakh universiteti, 2003. 432 p. (In Kaz.).

Barmin, 1998 — *Barmin V.A.* Sovetskij Soyuz i Sin'czyan 1918–1941 gg. (Regional'nyj faktor vo vneshnej politike Sovetskogo Soyuza) [Soviet Union and Xinjiang 1918–1941]. Barnaul: Izd-vo BGPU, 1998. 214 p. (In Russ.).

Budjanskij, 2007 — *Budjanskij D.M.* Istorija bezhencev-kyrgyzov (1916–1927 gody). [History of Kyrgyz refugees (1916–1927)]. Bishkek, 2007. 196 p. (In Russ.).

Vosstanie 1916 goda v Turkestane, 2016 — *Vosstanie 1916 goda v Turkestane: dokumental'nye svidetel'stva obshhej tragedii: sb. dok. i materialov.* / [Uprising of 1916 in Turkestan] MGU im. M. V. Lomonosova, In-t vseobshh. istorii RAN. Moscow: Mardzhani, 2016. 468 p. (In Russ.).

Kameron, 2020 — *Kameron S.* Ashtyk zhailagan dala. Asharshylyk, ozbyrlyk zhane kenestik Qazaqstandy ornatu. [A field full of hunger. Famine, tyranny and establishment of Soviet Kazakhstan]. Almaty, 2020. 304 p. (In Kaz.).

Konyratbaev, 1994 — *Konyratbaev O.M.* Turar Ryskulov: Kogamdyk-sayasi zhәне memlekettik kyzmeti. Tyrkistan kezni. [Turar Ryskulov: Public, political and state service. Turkestan period]. Almaty: Kazakstan, 1994. 488 p. (In Kaz.).

Lysenko, 2020 — *Lysenko Yu.A.* Process vozvrashcheniya bezhencev-uchastnik Turkestanskogo vosstaniya 1916 g. Iz Kitaya organami Sovetskoy vlasti v 20-e gg. XX v. [The process of returning refugees who took part in the Turkestan uprising of 1916 from China by Soviet authorities in the 20s.] // XX century Narody i religii Evrazii, 2020. No. 4 (25). Pp. 112–123. (In Russ.).

Mendikulova, Atantaeva, 2008 — *Mendikulova G.M., Atantaeva B.Zh.* Istoriya migracij mezhdou Kazahstanom i Kitaem v 1860–1960-e gg. [History of migrations between Kazakhstan and China in the 1860–1960.]. Almaty: SAGA, 2008. 232 p. (In Russ.).

Myhamethanyly, 2000 — *Myhamethanyly N.* Kytaidahy kazakhtardyң kogamdyk tarihy (1860–1920 zh.zh.) [Public history of Kazakhs in Kytaj (1860–1920)]. Almaty: Kazakhparat, 2000. 336 p. (In Kaz.).

Holborn, Shuva, 1968 — *Holborn L.W., Shuval J.T.* «Refugees». In international Encyclopedias of the Social Sciences. New York, 1968. Vol. 13. Pp. 361–377.

Czegledy, 1969 — *Czegledy Karoli.* Nomad Peoples Migration from East to West. Budapest: Akademiai Kiado, 1969. 178 p.

Forbes, 1986 — *Forbes Andrew D.W.* Warlords and Muslims in Chinese Central Asia: Political history of Republican Sinkiang 1911–1949. Cambridge: Cambridge University Press, 1986. 376 p.

## МАЗМҰНЫ

### ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

<b>Деннингхаус В., Джиеналиев Е.К., Раздыков С.З.</b> XIX ҒАСЫРДЫҢ 2 ЖАРТЫСЫ МЕН XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ НЕМІСТЕРДІҢ ҚАЗАҚСТАНДА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ БЕЙІМДІЛІГІНІҢ ТАРИХИ АСПЕКТІЛЕРІ.....	289
<b>Серғалиев М.Х.</b> ТАРИХИ ЖАДЫ: ӘСКЕРИ КОЛЛАБОРАЦИОНИЗМНІҢ СЕБЕПТЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ («ТҮРКІСТАН ЛЕГИОНЫ» МЫСАЛЫНДА).....	303

### ТАРИХ

<b>Асылбекова Ж. М.-А., Апендиев Т.Ә., Омарова Г.А.</b> 1991–2009 ЖЖ. ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ.....	318
<b>Жиренов А.А., Ошан Ж.</b> «МУ‘ИЗЗ АЛ-АНСАБ» ЕҢБЕГІНДЕГІ ШАҒАТАЙ ХАН УӘЗІРЛЕРІ.....	333
<b>Ибраева А.Ғ., Мәлікова С.З., Темірханова Ә.С.</b> АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ АЙДАРХАН ТҮРЛЫБАЕВ ПЕН ЕРЕЖЕП ИТБАЕВТЫҢ ҚЫЗМЕТІ...347	347
<b>Қабыл А.Ә., Түрсүн Х.М., Әбікей А.М.</b> АУАҚӨШУШІЛЕР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ.....	361
<b>Қапбаров Г.Ш., Шашаев Ә.К., Қарибаев С.У.</b> ТӘУЕЛСІЗДІКтің АЛҒАШҚЫ ЖИЫРМА ЖЫЛДЫҒЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ (1991–2011 ЖЖ.).....	373
<b>Қасымбекова М.Ә.</b> БАТЫС ЖӘНЕ РЕСЕЙ ЗЕРТТЕУШІЛЕРІ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ СОПЫЛЫҚТАҒЫ ӘУЛИЕЛІК МӘСЕЛЕСІ...387	387
<b>Қуанбай О.Б.</b> АБЫЛАЙ СҰЛТАННЫҢ БАШҚҰРТ КӨТЕРІЛІСІ САЛДАРЫНА ЫҚПАЛЫ (1735–1740 жж.).....	398
<b>Қозыбаева М.М., Қаипбаева А.Т.</b> ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ МАРГИНАЛДАР: САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРЫЛҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ МЕН БЕЙІМДЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	411
<b>Нурпенсова Э.Т., Әбіл Е.А., Буканова Р.Г.</b> ЕЛДЕС ОМАРОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.....	424
<b>Оралова А.А.</b> ҚОЖАБЕРГЕН САРДАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ МЕН КҮРЕСКЕРЛІК КЕЛБЕТІ ТУРАЛЫ КЕЙБІР ДЕРЕКТЕР...435	435
<b>Стамшалов Е.И.</b> XX ҒАСЫРДЫҢ 20-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚЫТАЙ МЕН КЕҢЕСТІК РЕСЕЙ ШЕКАРА ҚЫЗМЕТТЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ.....	447
<b>Төлебаев Т.А., Құрманалина Н.Н., Илгидаева С.М.</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АРХИВ ІСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ.....	462
<b>Уалтаева А.С., Марғұлан А.С., Омарова Г.А.</b> XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30 ЖЖ. ҚАЗАҚСТАН ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ФЕНОМЕНІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	478
<b>Ужкенов Е.М., Смағұлов Б.К.</b> «ҚАЗАҚ ОРДАСЫНАН» «ҚЫРҒЫЗ ДАЛАСЫНА» ДЕЙІН: ОРЫС ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТЕРРИТОРИЯСЫН ҚАБЫЛДАУДЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ (XVI – XX Ғ. БАСЫ).....	492

### АНТРОПОЛОГИЯ

<b>Сакенов С.</b> ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ ҚОСЫМША ЖЕРЛЕУ ҚҰРЫЛЫСТАРЫН ЖӘНЕ ҚАБІРЛЕРДІ ЕКІНШІ РЕТ ПАЙДАЛАНУЫ (СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ).....	507
---	-----

## СОДЕРЖАНИЕ

## ТЕОРИЯ И МЕТОДОЛОГИИ

<b>Деннингхаус В., Джиеналиев Е.К., Раздыков С.З.</b> ИСТОРИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ И КУЛЬТУРНОЙ АДАПТАЦИИ НЕМЦЕВ В КАЗАХСТАНЕ ВО 2 ПОЛОВИНЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВВ.....	289
<b>Сергалiev М.Х.</b> ИСТОРИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ: ПРИЧИНЫ И УСЛОВИЯ ВОЕННОГО КОЛЛАБОРАЦИОНИЗМА НА ПРИМЕРЕ «ТУРКЕСТАНСКОГО ЛЕГИОНА».....	303

## ИСТОРИЯ

<b>Асылбекова Ж. М-А., Апендиев Т.А., Омарова Г.А</b> КВОПРОСУ О ЗАНЯТОСТИ НАСЕЛЕНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН В 1991–2009 ГГ.....	318
<b>Жиренов А.А., Ошан Ж.</b> ВИЗИРИ ЧАГАТАЙ ХАНА В ТРУДЕ «МУ‘ИЗЗ АЛ-АНСАБ».....	333
<b>Ибраева А.Г., Маликова С.З., Темирханова А.С.</b> ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ АЙДАРХАН ТУРЛЫБАЕВА И ЕРЕЖЕП ИТБАЕВА В ПЕРИОД ДВИЖЕНИЯ АЛАШ.....	347
<b>Кабыл А.А., Турсун Х.М., Абикей А.М.</b> ОТКОЧЕВНИКИ – ЖЕРТВЫ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИИ.....	361
<b>Капбарова Г.Ш., Шашаев А.К., Карибаев С.У.</b> ИСТОРИКО-ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ ПОЛОЖЕНИЕ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА В ПЕРВОМ ДВАДЦАТИ ЛЕТИ НЕЗАВИСИМОСТИ (1991–2011 ГГ.).....	373
<b>Касимбекова М.А.</b> ПРОБЛЕМА СВЯТОСТИ В СУФИЗМЕ В ТРУДАХ ЗАПАДНЫХ И РОССИЙСКИХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ....	387
<b>Куанбай О.Б.</b> ВЛИЯНИЕ АБЫЛАЙ-СУЛТАНА НА ПОСЛЕДСТВИЯ БАШКИРСКОГО ВОССТАНИЯ (1735–1740 гг.).....	398
<b>Козыбаева М.М., Каипбаева А.Т.</b> ПОЛИТИЧЕСКИЕ РЕПРЕССИИ И МАРГИНАЛЫ В ГОРОДАХ КАЗАХСТАНА В 1920–1930-Х ГГ.: ПРАВОВОЙ СТАТУС И ПРОБЛЕМЫ АДАПТАЦИИ ЛИШЕНЦЕВ.....	411
<b>Нурпенsoва Э.Т., Абиль Е.А., Буканова Р.Г.</b> ЖИЗНЬ И ПРОСВЕТИТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЕЛДЕСА ОМАРОВА.....	424
<b>Оралова А.А.</b> НЕКОТОРЫЕ ИСТОЧНИКИ О ПРОИСХОЖДЕНИИ И БОЕВОМ ОБЛИКЕ САРДАРА КОЖАБЕРГЕНА.....	435
<b>Стамшалов Е.И.</b> ПОГРАНИЧНЫЕ СЛУЖБЫ КИТАЯ И СОВЕТСКОЙ РОССИИ И КАЗАХСКИЕ БЕЖЕНЦЫ В 20-Е ГОДЫ XX ВЕКА.....	447
<b>Тулeбаев Т.А., Курманалина Н.Н., Илгидаева С.М.</b> ИССЛЕДОВАНИЕ АРХИВНОГО ДЕЛА В РЕСУПУБЛИКЕ КАЗАХСТАНА.....	462
<b>Уалтаева А.С., Маргулан А.С., Омарова Г.А.</b> ФОРМИРОВАНИЕ СОЦИОКУЛЬТУРНОГО ФЕНОМЕНА РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА В 20–30-Х ГГ. XX ВЕКА.....	478
<b>Ужкенов Е.М., Смагулов Б.К.</b> ОТ «КАЗАЧЬЕЙ ОРДЫ» ДО «КИРГИЗСКОЙ СТЕПИ»: ЭВОЛЮЦИЯ ВОСПРИЯТИЯ ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА В РУССКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ (XVI – НАЧАЛЕ XX ВВ.).....	492

## АНТРОПОЛОГИЯ

<b>Сакенов С.</b> ПРИСТРОЙКИ И ВТОРИЧНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПОГРЕБАЛЬНЫХ СООРУЖЕНИЙ В РАЗНЫЕ ИСТОРИЧЕСКИЕ ПЕРИОДЫ (ПО МАТЕРИАЛАМ СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА).....	507
--	-----



## CONTENTS

## THEORY OF METHODOLOGY

**Denninghaus V., Jiynaliyev Ye.K., Razdykov S.Z.**

HISTORICAL ASPECTS OF ECONOMIC AND CULTURAL ADAPTATION OF GERMANS IN KAZAKHSTAN IN THE 2ND HALF OF THE XIX – EARLY XX CENTURIES.....289

**Sergaliev M.Kh.**

HISTORICAL MEMORY: REASONS AND CONDITIONS OF MILITARY COLLABORATION BY THE EXAMPLE OF THE «TURKESTAN LEGION».....303

## HISTORY

**Assylbekova Zh.M.-A., Apendiyev T.A., Omarova G.A.**

ON THE ISSUE OF EMPLOYMENT OF THE POPULATION IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN IN 1991–2009.....318

**Zhirenov A.A., Oshan Zh.**

THE VIZIERS OF CHAGATAI KHAN IN THE WORK "MU'IZZ UL-ANSAB".....333

**Ibrayeva A.G., Malikova S.Z., Temirkhanova A.S.**

ACTIVITIES OF AIDARKHAN TURLYBAYEV AND EREZHEP ITBAEV DURING THE ALASH MOVEMENT.....347

**Kabyl A., Tursun Kh., Abikey A.**

NOMAD MIGRANTS AS VICTIMS OF POLITICAL REPRESSIONS.....361

**Kapbarova G., Shashaev A. Karibaev S.**

HISTORY-DEMOGRAPHIC SITUATION OF SOUTHERN KAZAKHSTAN DURING THE FIRST TWENTY YEARS OF INDEPENDENCE (1991–2011).....373

**Kasimbekova M.A.**

THE PROBLEM OF HOLINESS IN SUFISM IN THE WORKS OF WESTERN AND RUSSIAN RESEARCHERS.....387

**Kuanbay O.B.**

ABLAI SULTAN'S INFLUENCE ON THE CONSEQUENCES OF THE BASHKIRS REBELLION (1735–1740).....398

**Kozybayeva M.M., Kaipbayeva A.T.**

POLITICAL REPRESSIONS AND MARGINALIZED PEOPLE IN THE CITIES OF KAZAKHSTAN IN THE 1920–1930S: LEGAL STATUS AND PROBLEMS OF ADAPTATION OF DISENFRANCHISED PEOPLE.....411

**Nurpeissova E.T., Abil Ye., Bukanova R.**

THE LIFE AND EDUCATIONAL ACTIVITIES OF ELDES OMAROV.....424

**Oralova A.A.**

SOME SOURCES ABOUT THE ORIGIN AND BATTLE APPEARANCE OF SARDAR KOZHABERGEN.....435

**Stamshalov Ye.I.**

BORDER SERVICES OF CHINA AND SOVIET RUSSIA AND KAZAKH REFUGEES IN THE 20S OF THE XX CENTURY.....447

**Tulebaev T.A., Kurmanalina N.N., Ilgidaeva S.M.**

RESEARCH OF ARCHIVAL BUSINESS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN.....462

**Ualtayeva A.S., Margulan A.S., Omarova G.A.**

FORMATION OF THE SOCIO-CULTURAL PHENOMENON OF KAZAKHSTAN DEVELOPMENT IN THE 20–30S OF THE 20TH CENTURY.....478

**Ujkenov E.M., Smağulov B.Q.**

FROM THE “KAZAK HORDE” TO THE “KIRGIZ STEPPE”: THE EVOLUTION OF UNDERSTANDING THE TERRITORY OF THE KAZAK KHANATE IN RUSSIAN HISTORIOGRAPHY (XVI – EARLY XX CENTURIES).....492

## ANTHROPOLOGY

**Sakenov S.**

EXTENSIONS AND SECONDARY USE OF FUNERAL STRUCTURES IN DIFFERENT HISTORICAL PERIODS (BASED ON MATERIALS OF NORTHERN KAZAKHSTAN).....507

**EDU.E-HISTORY.KZ**

электрондық ғылыми журналы 2024. 11 (2)

*Бас редактор:*  
*Қабылдинов З.Е.*

*Компьютерде беттеген:*  
Копеева С.Ж.

Жарияланған күні: 25.06.2024.  
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 21,125.

*Құрылтайшысы және баспагері:*

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй  
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК Тел.: +7 (727)  
261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru)

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:  
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй